

**ШЖҚ «Ордабасы аудандық орталық  
аурухананың» МКК-ның  
«Байқау кеңесінің»**

**МӘЖІЛІС ХАТТАМАСЫ № 03/21**

Темірлан елді мекені.

23 қыркүйек 2021 жыл.

1. Кәсіпорынның мекен жайы Түркістан облысы Ордабасы ауданы Темірлан елді мекені Б.Абасов көшесі № 9 ғимарат.
2. Мәжілістің ашылуы және мерзімі 2021 жылдың 23 қыркүйек күні сағат 15:00-де, ШЖҚ «Ордабасы аудандық орталық ауруханасы» МКК-ның бас дәрігерінің жұмыс кабинеті.
3. Мәжіліске қатысқан «Байқау кеңесінің» мүшелері:
  - 1) Мырзагелдиев Бахытжан Мырзалиевич - бас дәрігер
  - 2) Нарымбетова Нұрхан Мадалиевна – басқарманың ана мен баланы қорғау жөніндегі орынбасары, басқарманың өкілі.
  - 3) Маханова Замира Сабековна – Ордабасы ауданының мәслихат депутаты, зейнеткер;
  - 4) Карасаева Гулжахан Жолмурзаевна – Дәрігер-терапевт, зейнеткер.
  - 5) Ақбаева Айнұр Абилкасимовна – «Казинформ» халықаралық ақпараттық агенттігі» аумақтық тілшісі.
4. Қатыспаған кеңес мүшелері:-жоқ
5. Күн тәртібі бойынша жазбаша пікір хабарландырулар-жоқ.
6. Шешім қабылдау туралы кворум- бар
7. Байқау кеңесінің хатшысы ШЖҚ «Ордабасы аудандық орталық ауруханасы» МКК-ның заң кеңесшісі Отаров Канат Турсынович.

**КҮН ТӘРТІБІ**

1. Байқау кеңесі, кәсіпорынның 2021 жылдың даму жоспарының жобасы бойынша өзгерістер мен толықтырулар бойынша ұсыныстар келтіру.
2. Кәсіпорынның 2021 жылдың III-тоқсандық даму жобасының жоспарына қорытынды ұсыну. Корпоративтік мүдделер қақтығысын реттеу саясатын бекіту.



3. Ақылы қызмет көрсету тәртібін бекіту және тәртібімен келтірілген табыс көзін ШЖҚ «Ордабасы аудандық орталық ауруханасы» МКК-ның пайдасына көру.

«Байқау кеңес» күн тәртібі бойынша Ш Е Ш І М Е Т Т І:

Осы мәжілістің күн тәртібі

Б Е К І Т І Л С І Н:

Дауыс беру қорытындысы:

Қолдағаны: 5 дауыс. Мырзагелдиев.Б, Маханова.З, Карасаева.Г, Ақбаева.А,

Нарымбетова.Н; Күн тәртібі бірінші сұрақ бойынша сөз алған, ШЖҚ «Ордабасы аудандық орталық ауруханасы» МКК-ның бас дәрігері Б.Мырзагелдиев,- аудандық орталық аурухананың ағымдағы жылдың Ш-тоқсандық даму жоспарының жобасы бойынша мәжіліске қатысушыларға айтып өтті. 2021 жылдың басында кәсіпорын ғимараты күрделі жөндеуден өтетіні, аурухана дамуында КТ аппараты бірінші қабаттан орнатылады, келуші науқастарға жақсы өзгерістер болатынын айтты.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Байқау Кеңес ШЕШІМ ЕТТІ: Дауыс беру қорытындысы:

Қолдаған\_5 дауыс.

Мырзагелдиев.Б, Маханова.З, Карасаева.Г, Ақбаева.А, Нарымбетова.Н

Қолдамаған\_жоқ\_ дауыс.

Қалыс қалған\_жоқ\_ дауыс.

Шешім\_5\_ дауыспен қабылданды.

Байқау кеңесінің мүшесі З.С.Маханова, аудандық мекемелерге медицина қызметкерлерін жіберіп, пневмония, ковид аурулары бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізсе. Емделіп шығып жатқан науқастарға қайта-қайта аурудың алдын алу үшін түсіндіру жұмыстарын көптеп жүргізсе, сол кезде емделіп шыққан науқастар қайталап ауырмас па еді деп, өз ойын айтып өтті. Сөз кезегін Г.Ж.Карасаева алып, кәсіпорынның экономикалық жоспарларын әзірлеу, оларды іске асыру бойынша 2021 жылдың даму жобасына ұсынысын айтып өтті.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша Байқау Кеңес ШЕШІМ ЕТТІ: Дауыс беру қорытындысы:

Қолдаған\_5 дауыс. Мырзагелдиев.Б, Маханова.З, Карасаева.Г, Ақбаева.А, Нарымбетова.Н

Қолдамаған\_жоқ\_ дауыс.

Қалыс қалған\_жоқ\_ дауыс.

Шешім\_5\_ дауыспен қабылданды.



Күн тәртібіндегі үшінші сұрақ бойынша, Б.М.Мырзагелдиев кезекті сөзін алып, ақылы қызмет көрсету тәртібі бойынша ШЖҚ «Ордабасы аудандық орталық ауруханасы» МКК-ның қызметкерлерімен біршама жұмыстар жүргізіліп жатқанын, келтірілген табыстан кәсіпорынның қажетті орындарына жұмсалуда. Ақылы қызмет көрсету тәртібін Байқау кеңесімен бекітіп, кәсіпорынның бас есепшісі мен Экономикалық жоспарлау бөлімінің басшысымен бірігіп орындалып отыратынын айтты.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша Байқау Кеңесі  
ШЕШІМ ЕТТІ: Дауыс беру қорытындысы:

Қолдаған\_5\_дауыс. Мырзагелдиев.Б, Маханова.З,Карасаева.Г, Ақбаева.А, Нарымбетова.Н.

Қолдамаған\_жоқ\_дауыс.

Қалыс қалған\_жоқ\_дауыс.

Шешім\_5\_дауыспен қабылданды.

Мәжіліс аяқталу мерзімі,2021 жыл 23 қыркүйек сағат 17:00

Төраға:

Нарымбетова Нұрхан Мадалиевна

Байқау кеңес мүшелері:

Мырзагелдиев Бахытжан

Мырзалиевич

Маханова Замира Сабековна

Карасаева Гулжахан Жолмурзаевна

Ақбаева Айнұр Абилкасымовна

Хатшы:

Отаров Канат Турсынов